

**2006 жылғы 1 шілдедегі  
банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 19 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 7 ипотекалық ұйым қызметін жүзеге асырды.

№	Ұйымның атауы	01.01.2006	01.07.2006
1	Ипотекалық ұйымдар	7	7
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	50	12
	<b>Жиынтығы</b>	<b>57</b>	<b>19</b>

**Активтер.** 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 2006 жыл басымен салыстырғанда 23 515 млн. теңгеге немесе 31,2%-ке өсіп, 98 861 млн. теңгені құрады. Ипотекалық ұйымдардың активтері құрылымындағы үлкен үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар (81,9%) құрады.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері 3 450 млн. теңгеге немесе 0,7%-ке өсті және 2006 жылғы 1 шілдеде 523 628 млн. теңге болды. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар активтерінің жалпы көлемінде заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 15,6% болды.

№	Атауы	(млн. теңге)		
		01.01.2006	01.07.2006	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
1	Ипотекалық ұйымдар	75 346	98 861	31,2
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	520 178	523 628	0,7

**Кредиттік портфель.** 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 97,1%, күмәнді - 2,7% және үмітсіз - 0,2% болды. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 98,6%, күмәнді -1,2%, үмітсіз – 0,2% болды.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттер үлесі 96,9%, күмәнді - 2,2%, үмітсіз – 0,9%. 2006 жылғы 1 қаңтарда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік портфелі былай көрінді: стандартты - 90,1%, күмәнді - 9,6% және үмітсіз – 0,3%.

(млн. теңге)

№	Атауы	01.01.2006	01.07.2006	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Ипотекалық ұйымдар	68 328	81 432	19,2
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	112 970	100 004	-11,5

Ипотекалық ұйымдар бойынша **міндеттемелердің** жиынтық мөлшері 2006 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 13 333 млн. теңгеге немесе 21,5 %-ке өсті және 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 75 387 млн. теңге болды. Бұл жерде ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (77,6 %-ке) және басқа банктерден алынған заемдардың (19,5 %-ке) басым болғандығын атап өтуге болады.

2006 жылғы 1 шілдеде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері жыл басынан бастап 24 591 млн. теңгеге немесе 13,6%-ке кеміп, 156 420 млн. теңге болды.

(млн. теңге)

№	Атауы	01.01.2006	01.07.2006	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)
1	Ипотекалық ұйымдар	62 054	75 387	21,5
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	181 011	156 420	-13,6

**Капитал.** Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2006 жыл басымен салыстырғанда 10 182 млн. теңгеге немесе 76,6 %-ке өсіп, 2006 жылғы 1 шілдеде 23 474 млн. теңгені құрады. 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі жыл басынан бастап 28 039 млн. теңгеге немесе 8,3%-ке өсіп, 367 207 млн. теңге болды.

(млн. теңге)

№	Атауы	01.01.2006			01.07.2006		
		Меншік ті капитал	Оның ішінде		Меншік ті капитал	Оның ішінде	
			Жарғыл ық капитал	Бөлінбе ген таза кіріс (өтелме ген шығын)		Жарғыл ық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)
1	Ипотекалық ұйымдар	13 292	10 699	1 558	23 474	19 991	778
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	339 168	218 359	58 687	367 207	236 259	19 762

*Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі даярлады.*